



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом Министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

2019 жылғы 12 маусым № 4-14-5/2020-И

Жоғары оқу орындарының басшыларына

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтарда Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі барысында әлеуметтік бағытталған, қоғамдық пайдалы қызметпен айналысатын жоғары оқу орындарының студенттеріне шәкіртақы мөлшерін арттыру жөнінде тапсырма берілді.

Бұл тапсырманы орындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысымен бекітілген Жастар жылын өткізу жөніндегі Жол картасының 22-тармағында көрсетілген.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) тапсырманы орындау мақсатында «Әлеуметтік студенттік ваучер» жобасын (бұдан әрі - Жоба) әзірлеуде. Студенттердің аталған жобаға белсенді қатысуына жоғары оқу орындарының қосар үлесі ауқымды.

Жобаға қатысуға ниет білдірген студенттер Министрлікпен әзірленіп жатқан платформаға (модуль) тіркеліп, ұсынылған негізгі 5 бағыт (балаларды инклюзивті оқыту, репетиторлық ету, балалардың бос уақытын ұйымдастыру, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс, қарттарға қамқорлық) бойынша тиісті ваучерді таңдау арқылы жобаларға қатысады. Әлеуметтік студенттік ваучерлер 20 және 50 сағаттық қоғамға пайдалы қызметті іске асырумен орындалады. Студенттердің қызмет ету алаңдарын жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Нәтижесінде, қоғамға пайдалы қызметпен айналысып, жоба қатысушысы атанған студенттерге мемлекет тарапынан шәкіртақының 30 % көлемінде қаржылай ынталандыру шаралары қарастырылады. Өз қалауына сәйкес, жобаның қатысушысы болған студенттерде 2 және 5 академиялық кредиттерін қайта есептету сұрағымен жоғары оқу жүгіну құқығы болуы тиіс. Өз кезегінде бұл қадам, жоғары оқу орындары тарапынан студенттерге жасалатын қосымша ынталандыру шарасы болып табылады. Дегенмен, академиялық кредиттері қайта есептелетін пәндер тізімін анықтау жоғары оқу орындарының өз еркінде.